

«Ахмет Байтұрсынұлы оқулары сайысы»

Анықтамасы

19 қыркүйекте Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерей тойына орай мектебімізде «Ахмет- қазақ халқының рухани көсемі» атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. **Мақсаты:** Халықтың жүрегінен орын алған қоғам қайраткері, ғалым, ақын, аудармашы, ұлы ұстаз, бүкіл қазақ халқы бас иер асыл тұлға-Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы баға жетпес орнын паш ету, жастар арасында ақынның мол мұрасын насихаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқуға үйрету.

Сайысқа 5-7 сынып оқушылары қатысты. Сайыс екі кезеңнен тұрады:

1. **Көркем сөз сайысы** «Ахмет мысалдары» бағытында ақын Ахмет Байтұрсынұлының мысалдарын жатқа айту (қатысушылар жатқа оқитын мысалдарының тізімін қазылар алқасына алдын ала тапсыру керек, ұсынған тізімнен 1 мысалын жатқа айтады).
2. «**Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға**» бағытында қатысушы Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерінің ішінен (ұсынылған тізімінен қазылар алқасының сұрауымен) бір өлеңін жатқа немесе прозалық, драмалық шығармаларын мәнерлеп оқиды немесе үзінді орындайды. Сайыс нәтижесінде 7 «Б» сынып оқушысы Жұмабек Каусар I орын иеленсе, 5 «А» сынып оқушысы Сымбатқызы Марал II орын, 6 «Б» сынып оқушысы Қуаныш Мөлдір III орын иеленді.



Мектеп тәлімгері:

Б.Ержанова

№39 «Қызылөзек» орта мектеп

**«Ахмет Байтұрсынұлы оқулары сайысы»
(5-7 сынып)**

Ұйымдастырушы: Тәлімгер Ержанова Б

Қызылорда

2022-2023 жыл

кітемін Ахмет С.Қоқыбасов

Сыныбы: 5-7

Күні: 19.09.2022 ж

Тақырыбы: «Ахмет- қазақ халқының рухани көсемі»

«Ахмет- қазақ халқының рухани көсемі» .

Мақсаты: Халықтың жүрегінен орын алған қоғам қайраткері, ғалым, ақын, аудармашы, ұлы ұстаз, бүкіл қазақ халқы бас иер асыл тұлға-Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы баға жетпес орнын паш ету, жастар арасында ақынның мол мұрасын насихаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқуға үйрету.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар, Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысына қатысушы жас өрендер! Қазақ халқының мақтанышы, ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы оқуларына қош келдіңіздер!

«Күніне бір өлең оқыған адам- ақын, айына бір өлең оқыған адам -адам»-, депті бір данышпан.Бәрімізге бірдей ақын болу міндет болмағанымен, адам болу-парыз. Жүректен шыққан сөз ғана жүректерге жетеді. Осы кеште А.Байтұрсынұлы өлеңдері мен оның мол мұрасы жандарыңызды жылытып, жүректеріңізді тербетеді деген ойдамыз. Олай болса, бүгінгі сайыс екі кезеңнен тұрады:

1. Көркем сөз сайысы«Ахмет мысалдары»бағытында ақын Ахмет Байтұрсыновтың **мысалдарын** жатқа айту *(қатысушылар жатқа оқитын мысалдарының тізімін қазылар алқасына алдын ала тапсыру керек, ұсынған тізімнен 1 мысалын жатқа айтады).*

2. «Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға»бағытында қатысушы Ахмет Байтұрсынов өлеңдерінің ішінен *(ұсынылған тізімінен қазылар алқасының сұрауымен)*бір өлеңін жатқа немесе прозалық, драмалық шығармаларын мәнерлеп оқиды немесе үзінді орындайды.

Жүргізуші: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны-«Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын»- деп Мұхтар Әуезов баға берген Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген. XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ұлттық жазудың реформаторы Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда еңбекші халықтың ауыр халі, арман-тілегі, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқу-білімге, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырды. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 жылы, екінші жинағы «Маса» 1911 жылы жарық көрді. Бұл жинақтың негізгі идеялық қазығы- оқу –білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етеге үндеу. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Тіл құралы» атты еңбектері қазақ тіліндегі тұңғыш оқулықтар. Ахмет М.Дулатұлымен бірігіп «Қазақ» газетін шығарды. Бұл газет халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. «Әдебиет танытқыш» еңбегі- қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы- әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі болды. Мақалада Ұлы ақын Абайдың рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнерінің маңызы, көркемдік- эстетикалық сипаты баяндалды.

Сәкен Сейфуллин: ...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған,

патша заманында жалғыз Ахмет еді. Ахмет қазақ ұлтына жан аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін басын бәйгеге тікті-деген екен.

Жүргізуші:

Жүректен өлең төгіп, қосқан жырға,
Тұлпардай топтан озған жүйрік тұлға.
Қошеметтеп, көрермен, қол соғыңдар,
Сайысқа қатысушы оқушыға,- дей отырып, сахна төріне сайысқа қатысушы
сайыскерлерімізді шақырамыз. *(Сайысқа қатысушы үміткерлер, бүгінгі сайысқа қош келдіңіздер. Сіздерге сәттілік тілей отырып, мына қобдишадан өздеріңіздің нөмірлеріңізді алуларыңызды сұраймыз. Алған нөмір бойынша сайысқа түсесіздер.)*

Жүргізуші:

Сайыста бақ сыналар, бап сыналар,
Бас жүлдені өнерлі, тапқыр алар.
Кім өнерлі, кім тапқыр-шешу қиын,
Қазылар алқасы да нық сыналар- деп бүгінгі байқауға әділ төрелік жасайтын әділ қазы мүшелерімен таныстырып өтейік:

1. Омарова Жанна – қазақ тіл мен әдебиеті пәні мұғалімі
2. Тойбазарова Жанар- физика пәні мұғалімі

Жүргізуші:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй,-деп Абай атамыз айтқандай әсем әнге де кезек келді.

Ән: Сексенбаева Мерейлі

Қызылорда

Жүргізуші:

Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы- дей келе, ақын өлеңін жатқа оқитын оқушыларымызға сөз берейік.

Жүргізуші:

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын тесері бар,- демекші әсем ән тыңдайық.

Ән Мұратбек Інкар Тәуелсіз қазақтың қызымын

Жүргізуші:

Қанша таяқ жесе де, сірә, қатты,
Халқының ол ұстазы-ұлағатты.
Өзімізден Аханды биік ұстап,
Қадірлейік намысты Азаматты,-деп ақын мұрасын зерттеушілерге де сөз кезегі келді. Олай болса, сөз сіздерде, жас зерттеушілер.

патша заманында жалғыз Ахмет еді. Ахмет қазақ ұлтына жан аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін басын бәйгеге тікті-деген екен.

Жүргізуші:

Жүректен өлең төгіп, қосқан жырға,
Тұлпардай топтан озған жүйрік тұлға.
Қошеметтеп, көрермен, қол соғыңдар,
Сайысқа қатысушы оқушыға,- дей отырып, сахна төріне сайысқа қатысушы
сайыскерлерімізді шақырамыз. *(Сайысқа қатысушы үміткерлер, бүгінгі сайысқа қош келдіңіздер. Сіздерге сәттілік тілей отырып, мына қобдишадан өздеріңіздің нөмірлеріңізді алуларыңызды сұраймыз. Алған нөмір бойынша сайысқа түсесіздер.)*

Жүргізуші:

Сайыста бақ сыналар, бап сыналар,
Бас жүлдені өнерлі, тапқыр алар.
Кім өнерлі, кім тапқыр-шешу қиын,
Қазылар алқасы да нық сыналар- деп бүгінгі байқауға әділ төрелік жасайтын әділ қазы мүшелерімен таныстырып өтейік:

1. Омарова Жанна – қазақ тіл мен әдебиеті пәні мұғалімі
2. Тойбазарова Жанар- физика пәні мұғалімі

Жүргізуші:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Өнді сүйсең, менше сүй ,-деп Абай атамыз айтқандай әсем әнге де кезек келді.

Ән: Сексенбаева Мерейлі

Қызылорда

Жүргізуші:

Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы- дей келе, ақын өлеңін жатқа оқитын оқушыларымызға сөз берейік.

Жүргізуші:

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тындаушының құлағын тесері бар,- демекші әсем ән тындайық.

Ән Мұратбек Інкар Тәуелсіз қазақтың қызымын

Жүргізуші:

Қанша таяқ жесе де, сірә, қатты,
Халқының ол ұстазы-ұлағатты.
Өзімізден Аханды биік ұстап,
Қадірлейік намысты Азаматты,-деп ақын мұрасын зерттеушілерге де сөз кезегі келді. Олай болса, сөз сіздерде, жас зерттеушілер.

Жүргізуші:

Жүректердің жаркылдағай жасыны,

Тыныш өмір- адамзатқа асылы.

Ел тілегі: адал еңбек, маңдай тер,

Ей ғасырым, бол білімнің ғасыры, -демекші сайысымыздың соңына да келіп жеттік. Олай болса, әділқазы мүшелері өз қорытындыларын шығарғанша ән тыңдай отырайық.

Ән

Жүргізуші:

Жарыстар өтсін алуан,

Сынады күшің барлық жан.

Жүлдесін алып шаттансын,

Білімді, мықты әрбір жан- дей келе, әділқазы мүшелеріне сөз кезегін берейік.

Жүргізуші: Қорытынды сөз.

Жыл керуені жылжыған сайын Ахмет Байтұрсынұлының артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырап, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. Асыл сөздері келешек заманымызға да гауһардай жарқырап, көзі ашық көкіректерге нұр болып құйыла берері хақ. Сондықтан оқудан, білімге ұмтылушылықтан, ізденуден жалықпайық!